



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ПАЛЕОЛИТ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ МӘДЕНИ ҚАБАТЫ (ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕР)

Токсанова Гүлзара

zara_super-97@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Археология және этнология мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Қ.Рахимжанов

Шығыс Қазақстан облысы - ежелден бастап-ақ қола, темір, түркі дәуірлерінің ескерткіштеріне өте бай мекен. Шығыс Қазақстанның жер бедері қазіргі заманғы кейпіне ие болу барысында, көптеген өзгерістерге ұшырады. Бұрын өзендері мол сулы, көп салалы, ал ормандары кең ауқымды болса, қазір бұл әлдеқайда азайған. Тіршілік көзінің су жағасынан бастау алатыны сияқты, 40 мың жыл бұрын мекендеген аңшылардың шағын топтары, жеуге жарамды өсімдіктерді жинаушылар да өзен аңғарларында орналасқан. Түрлі тарихи дәуірлерді қамтитын, көлемі бойынша Шығыс Қазақстандағы аса үлкен топтардың бірін құрайтын, саны жағынан мыңдап саналатын ескерткіштерді зерттеу ХІХ ғасырда басталды. Оған белгілі ғалымдар: Г.И. Спасский, А.В. Адрианов, Н.Я. Коншин, В.В. Радлов, С.С. Черников, С.Аманжолов, А.Аманжолов, С.С. Сорокин, А.А. Крылова, Х.Алпысбаев, А.Г. Медоев, Ф.Х. Арсланова, С.Ақынжанов, З.Самашев, Ю.И. Трифонов, Ж.Таймағамбетов, А.А. Чариков, А.С. Ермолаева, Ә.Төлеубаев, Г.Г. Петенева, т.б. ат салысты.

Шығыс Қазақстан туралы 1869 жылы семейлік өлкетанушы В. Никитин: «Археологиялық жағынан алғанда Семей уезінің ең қызықты ауданы, оның оңтүстік шекарасы мен ең бастысы Шыңғыс тауы аймағы болып табылады. Мұнда көптеген жерде сәл ғана көрінетін үйінділері бар немесе үйіндісі жоқ шеңберлер байқалады»- деп жазған. Никитиннің жазба деректерінде облыстың 14 болыстығынан қорым қорғандары, жартастағы бейнелер, тас мүсіндер туралы мәліметтердің жиналғанын аңғарамыз. Никитин сондай-ақ Семей облысының тарихы бойынша алғашқы очерктердің бірін жазған, онда археологиялық материалдарды пайдаланылған. [1, 9 б]

Бүгінгі күні Шығыс Қазақстанның ең ертедегі палеолит ескерткіші Қозыбай қонысы (1- сурет) болып табылады. Оны 1989 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты мен тарих өлкетану мұражайының бірлескен барлау экспедициясы Қалғұты өзенінің сол жақ жағасынан, Күршім ауданының Қаратоғай селосынан батысқа қарай 2 шақырым жерден анықтаған. Археологиялық зерттеу барысында нуклеустардың арасында ақ кварц сепелері бар қара кремнийлі жыныстан жасалған ауқымды леваллуа өзегі ерекше көз тартады. Бір жағы жайпақталған тасмалтада қырғыштарды түсіріп алатын үш негатив бар, оның бірі нуклеустың басым бөлігін алып жатыр, ал екінші жағында көптеген сколдар бар. Осындай леваллуаз нуклеустары Қазақстанның басқа да ерте палеолит кешендерінде белгілі болған. Қырғыштар көп кездеспейді, бірақ олардың алаңы қиылықсыз соққыш дөңесті болып келеді. Бірнеше данасында жалған ретуштың іздері бар. Қозыбай қонысынан табылған тас дәуірінің еңбек құралдары кремнийлі тасмалтадан жасалған дөрекі сколдармен өңделген құралдар Қанай ауылының жанынан, Уба өзені маңайынан, Шыңғыстау өңірлерінен табылды. [1, 16 б]

Нарым өзенінен 25 шақырым жерден 1953 жылы Э. Р. Рыгдылон өзеннің оң жақ жағасынан кремнийлі күміс тапқан. Зерттеу барысында табылған жәдігерлерге сараптама жүргізіліп ғалымдар бұл ескерткіштерте палеолит дәуіріне жатқызды. Белгілі ғалым С. С. Черников 1950 жылғы Шығыс Қазақстан экспедициясы Ертістің бас жағынан және оның Нарын мен Бұқтырма секілді салаларынан бірқатар орындарынан мустьер кезеңінің тұрақтарын ашты. Шығыс Қазақстан өңірінде мустьер кезеңінің тұрақтары көп емес, дегенмен олар облыс аумағындағы алғашқы адам орналасқан аудандарда жиі

ұшырасады. Олардың ғылыми мәні аталмыш ескерткіштерді түгел атауға мүмкіндік береді. Әсіресе Үңгір (Пещера) ескерткіші аса маңызды, мұнда адамдар біршама көп тұрған, сондықтан да тіршіліктің елеулі іздерін қалдырған.

Жоғарыдағы аталған ескерткіш туралы Өскемен қаласынан 2006жылы жарыққа шыққан «Шығыс Қазақстан облысы археологиялық ескерткіштерінің тізбесі» атты энциклопедияда тың материалдар кездеседі. Үңгір - Пещера селосының шығыс жақ шетінде, Ертістің бас жағында, Бұқтырманың оң жақ жағасында, оның сағасынан 12 шақырым жерде орналасқан, кейінгі палеолит тұрағы болып табылады. Бұл тұрақты 1950 жылы С. С. Черников пен Э. Р. Рыгдылон ашып, олар оны 1952-1954 жылдары зерттеген, 1954 жылы И. И. Гохман да өз үлесін қосты. Үңгір тұрағын зерттеу барысында ғалымдарүңгірдің алдындағы алаңнан және екінші шағын үңгіршеден жұқа топырақ қабатының астынан бір кезде төбеден құлаған әктас тақталары, оның астынан гумустың, саздақтың мәдени қабаты мен әктасты жартастың астында жатқан құмқайрақ табылған. Палеолиттік қалдықтар-көмірлер, сүйектер, тас пен сүйектен жасалған құралдар негізінен мәдени қабаттың төменгі бөлігінен, 1 метрге дейінгі тереңдікте кездескен. Кіші үңгірдің ортасында 80 см тереңдікте жартастың қуысынан ошақтың қалдықтары, оңтүстік тұрақта кіреберістен бизон сүйектерінің жиынтығы табылған. Бұл тұрақтан қара түсті кремнийлі сланецтен жасалған тас құралдар, шағын призмалық нуклеустер, пышақ бейнелі пластинкалар, әртүрлі формалы қырғыштар, ауқымды тасмалтадан жасалған ұрғыш тағы басқалар табылған. Сүйектен жасалған тескіш және үш қарудың фрагменттері кездеседі. Жануарлардан: жүндес мүйізтұмсық, мамонт, үңгір гиенасы, бизон, түйе, құлан, арқар, жайра мекендеген. [1, 17 б]

Келесі біз қарастыратын ескерткіштің бірі кейінгі палеолитке жататын Ново-Никольское тұрағын айтуға болады. Бұл тұрақ Ертістің оң жақ жағасында, Ново-Никольское селосынан солтүстік-батысқа қарай 1 шақырым жерде орналасқан. Аталған тұрақтан 1950 жылы Э.Р.Рыгдылон 3-4 метрлік төбешік құрайтын сары саздақ пен сұр топырақ түйіндісінен үлкен қырғыш пен ұсақ пластинкалар тапты. Э.Р. Рыгдылон 1952 жылы археологиялық қазба жұмыстары кезінде призма тәрізді екі нуклеус, пышақ бейнелі пластинкалар, ретушталған қырғыштар және ірі сүтқоректінің жілік сүйектерінің үш фрагменті табылған. Қою – жасыл кремнийлі сланецтен жасалған тас құралдар кездескен. Алайда Ново-Никольское тұрағында ешқандай мәдени қабаты анықталмаған.

Шығыс Қазақстан өңірінің ең ірі ескерткіштерінің бірі ретінде Қанай тұрағы белгілі. Бұл тұрақ Самар ауданы Қанай селосынан батысқа қарай 1 шақырымда, (Ново-Никольское селосынан жоғары қарай 70 шақырымда) Нарын жотасына сүйеніп тұрған жоғарғы Ертістің оң жақ жағасындағы 15-16 метрлік ойықтағы шығанақта орналасқан палеолиттік ескерткіш. Қанай тұрағында 1950, 1952, 1953 жылдары Э. Р. Рыгдылон зерттеу барысында мұнда тау кен өндірісі разрездерінен және шурфтарынан әртүрлі уақыттағы палеолиттік құралдарды тапқан. Олар қара және қою жасыл кремнийлі сланецтен, порфириттен және басқа да жергілікті жыныстардан жасалған. Мустьер бейнелі көбірек жұмырланған заттар, үшкір заттар мен қырғыштардың бүтін бір сериясы, тәрізді, кейінгі палеолиттің ертерек уақытына жататын секілді. Ал аз ғана жұмырланған, қырғыш, ірі пластинкалар, тескіштер, кескіштер мен біздерді кейінгі палеолит дәуіріне жатқызуға болады. Ұзын мүйізді бизон, кер бұғы секілді жануарлардың қалдықтары Қанайдың ертедегі кешені, ал сібір маралы мен бір түрінің сүйектері неғұрлым кейінгі кезеңге сәйкес келеді.[1, 18 б]

Жоғарыдағы біз қарастырған Қанай ауылынан 8 шақырым жерден анықталған Бардыбай үңгірін атауға болады. Бұл тұрақта 1953 жылы Э.Р. Рыгдылон Нарын жотасының тауларынан, Бардыбай үңгірінен шеттері түзетілген пышақ бейнелі тас пластинкаларды тапқан, табылған жәдігерлер кейінгі палеолитке тән екені анықталды.

Шығыс Қазақстан облысы, Катон-Қарағай ауданындағы Свинчатка селосынан 2 шақырым жерден 1953жылы А.А. Крылова анықтады, Нарын өзенінің сағасынан 10 шақырым жерде орналасқан карьерден тас қырғыштар, Қанайдағы тәрізді массивті нуклеус бейнелі

қару табылған. 1955 жылы Свинчатка селосына жақын маңынан, Нарын жотасының беткейінің бейнелі ойыңқы тұсынан, сондай -ақ Нарынның төменгі ағысындағы құмқайрақтан кремнийлі тасмалта мен профириттен жасалған нуклеус, қырғыш, үлкенді-кішілі пластинкалар, жалпақ пластинканың басына орнатылған қырғыш секілді бұйымдар табылған. [1, 18 б]

1953 жылы Мало -Красноярка селосының төменгі жағынан И. М. Павлюченко кейінгі палеолит дәуіріне жататын қырғыштар, басқа да тас құралдар тапқан.

С.С. Черниковтің бастамасымен 1955 жылы Усть-Нарынға археологиялық қазба жұмыстары барысында Нарын өзенінің екі жағасындағы құмқайрақтан, Усть Нарын мен Хайрузовка селоларының арасынан кейінгі палеолитке жататын қырналған қырғыштар, ірі пластинкалар мен қырғыштар тапқан.

Зайсан көлінің оңтүстік жағасынан Тарбағатай ауданынан 1955 жылы С.С.Черников кейінгі палеолитке жататын қырналған тас қырғыштарды кездестірді.

Келесі зерттеу жұмыстары белгілі археолог Жәкен Таймағамбетовтың бастамасымен 1977 жылы Шүлбі ГЭС-інің су басқан аймағында тас ғасыры мұраларын зерттеу жөніндегі жұмыстар жалғастырылды. Іздеу жұмыстары Ертістің екі жағында және оның салалары Шүлбі, Уба, Қаражал, Қызылсу өзендерінің аңғарларында жүргізілді. Ертістің екінші қойнаулық беткейінде орналасқан Бүрдене I мустьерлік қонысы назар аударарлық. Мұнда сұр саздақтардың қалың қабатынан кейінгі палеолитке жататын нуклеустар, ал сарғыш топырақ қабатынан – жануарлардың сүйектері табылған. Тым тереңдегі қазбай -ақ аршу жұмыстарын жүргізу барысында Азово, Қайыңды, Красноярск селолары маңынан қырғыш, пластинка тәрізді тас құралдар сериясы табылған. [3, 12 б]

Шульбинка тұрағын 1981 жылы ҚазКСР ҒА-ның тарих, археология және этнография Институты Шульба археологиялық экспедициясының палеолит отряды ашқан (Таймағамбетов, 1982, 52 бет; 1983, 161-167 беттер; 1987, 12 бет). Аталған тұрақта 1981-1983 жылдарды ескерткішті зерттеу кезінде алынған материалдар, Шығыс Қазақстан жерінен табылып, екі ірі регион (байланыстырушы бөлік) аралығын: палеолиттік кезеңнің мәдени шеңбері жеткілікті зерттелген Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан және екінші шетінен Таулы Алтайды жалғастырып тұрғандықтан өте маңызды болып табылады. Әсіресе стратиграфия мен нақты мерзімін анықтау тұрғысынан фактологиялық материалдардың қымбатқа түсетініне қарамастан, ескерткіш мейлінше толық жарияланды, өйткені материалдар фактысына зерттеушілер назарын кеңірек аударсақ, басқалар авторлар пікірінен бөлек қорытындыға келуі мүмкін еді. Шульба ГЭС-інің су басу аймағын зерттеу кезінде жер бетінен бірнеше жүз тас құралдарының табылуы қазба жұмыстарын жүргізуге негіз болды. Ескерткіш Семей облысының Жаңашульба ауданында орналасқан (қазіргі Шығыс Қазақстан). Мәдени қалдықтар-босаңдау жамылғы қабаттарда 35-40 см биік астыңғы террасада, Шульбинка өзенінің Ертіске құяр қыраттың сағасындағы тереңдікте жатыр. Терраса қара түсті шақпақ тас сланецтерімен араласып жатыр да, оларды кей жерлерде кішігірім жыралар кесіп өтіп отырады. [2, 47 б]

Тас құралдарының үстіңгі қабатта ең көп жиналған жеріне жалпы көлемі 356 шаршы метр қазба жұмысы жүргізілді. Қазба жобалы көкжиекте 0,2 метрмен атқарылды. Мейлінше толық стратиграфиялық колонка өзара перпендикулярлы екі қиықтан көрінеді:

ҚИЫҚТЫ 1-СЫЗЫҚ БОЙЫНША СУРЕТТЕУ:

1. Көңді қабат, шымы айқын байқалады да, 0,45 м қалыңдыққа дейін барады. Құрамында мәдени қалдықтар бар.

2. Ақшыл-сары түсті батпақ құммен араласқан, қалыңдығы -0,2 м. мәдени қалдықтар осының да құрамында бар.

3. Сары түсті ірі дәнді құм қабаты жұмыртаспен араласқан, қалыңдығы 0,25 м-ге дейін. Мәдени қалдықтар жоқ.

ҚИЫҚТЫ К ЛИНИЯСЫ БОЙЫНША СУРЕТТЕУ:

Жалпы ұзындығы -41м, биіктіктің үстіңгі қабаттан айырмашылығы -0,86м.

1. Көң-қордалы қабаттың шымы айқын байқалып, негізінен 0,6м қалыңдыққа дейін барады да, әрдайым шығысқа қарай сүйірленіп отырады. Ол мәдени қалдықтарға толы.

2. Ақшыл-сары түсті батпақ бойынша 0,6м қалыңдыққа дейін барады және де етегіндегі астыңғы жатқан қабатпен байланысы аса анық емес, мәдени қалдықтар құрамында.

3. Сары түсті ірі дәнді құм қабатының мейлінше қалыңдығы 0,15 м болып, біртұтас табанының негізін алып жатыр. Мәдени қалдықтар жоқ.[2, 48 б]

Жұмсақ қабаттар қалың емес: сары батпақ өзінде қалыптасқан топырақпен бірге жамылғы қабатында және де Шульбинка өзенінің мүйісіндегі сағада тұрақты өмір сүрген уақытында жиналған болуы мүмкін. Ірі түйіршікті құм аллювиальды жұмырлау тас қоспасымен араласуы өте ерте кезеңмен, яғни Ертіс өзенінің 3- текпішегіндегі жайылма пайда болған кезбен байланысты (Мацуй және т.б. 1973, 39-45 беттер).

Шульбинка тұрағының қиығында латологиялық бөліктерді қосатын қиығының қалыңдығы аздау болғандықтан түсіндіру қиындау, сонда да, сары батпақ құрамындағы ежелгі кезеңге жататын тас құралдарды рор сериясының аяқтаушы фазасымен қатар қоюға болатындығын болжайды(сары топырақты жоғарғы генерация жыныстары). Бұл – жоғарғы палеолиттік мамонттық жинақ фаунасы өмір сүрген кез (Қазақстандық Ертіс маңындағы қошқорғандық кешен)немесе жаңашульба кен қабаттарына жатады, өйткені жаңашульба кен қабатының жиналуы екінші су жайылымының террасымен тығыз байланысты (Мацуй және т.б., 1973, 77-105 беттер) екендігі анық.

Қазақстандық Ертіс маңында адамзаттың пайда болуы рор кезеңінің аяғы екендігіне В.М. Мацуй және басқалар (1973, 126-127 беттер) өз кезегінде С.С. Черешковтың (1951, 1952, 1956, 1957) зерттеулеріне сүйенеді. Адам рор кезеңі аяқталған соң да Ертіс өзенінің аңғарын игере бергені шүбәсіз. 1 көкжиекте барлық қазбада көң қабаты ұшырасады. Шығыс бөлікте кішігірім сары батпақты қабаттары көріне бастайды, Д- К/32-41 учаскесінде онымен бірге тас құралдары жиналып жатуы соған байланысты. Келесі тас құралдарының бір тобы А-Е/ 5-14 учаскесінде жинақталған. Кейінгі кезге жататын керамиканың 2 көрінісінен басқа, тас бұйымдары 1 көкжиекте көрінбеді.

1 көкжиек коллекциясы – 399 дана. Шыққан шикізат көзі Ертіс және Шульбинка өзендерінің жағажайларында кездесетін түрлі көлемдегі шақпақ тас жынысты галькалар болып табылады. Негізінен қара, сұр, жасыл түст жыныстар басым (басым жұмырланған құм тас мен мүйізтас).

Екінші орынды халцедон алып тұр, ал экзотикалық тастардан хрусталь жұмыр тасынан дайындалған бір нуклеусті айтуға болады. Коллекция құрамына: ірі жұмыр тастың бірен- саран опырылған 11 данасы, сонымен қатар 7 дана осы тасқа ұқсас қырғыш жүзі тәрізді бұйымдар, оның 2 данасының үстіңгі беті қатты бұзылғандықтан тас құралдары қатарына жатқызуға болмайды. 1 шойын балға, түрлі типтегі нуклеустердің 19-ы, бірінші рет жарықшақтану тобына нуклеустерден жасалынған 8 дананы жатқызуға болады, нуклеустердің 15 сынықтары мен опырылып алынған қалдықтары, 15 нуклевидті тұрпат, 15 сынықтар, 13 дана алғашқы өңдеугі опырылған қалдықтар, 54 данасы қайта өңделген опырылған қалдықтардың 10 данасы құралға жатады, 78 тас жаңқасының 28-і құрал қатарына жатады, 25 бүтін және сынық тас тілікшелерінің 9 данасын тас құралдарына жатқыздық. Сонымен қатар инвентарь құрамына жұмыр тастан жасалынған 2 дана құралдар мен дайындау типін белгілеу мүмкіншілігі жоқ 4 дана тас құрал сынықтары кіреді. [2, 50 б]

1 көкжиектен кейінгі кезеңдік өрнексіз керамиканың 2 көрінісі табылғандығын айтуға болады.

Алғашқы визуальды бағалауда – ақ коллекция құрамдас үш бөлікке бөлінеді :

- 1) Зілмен жұмыр тастар- макротобы,
- 2) Шой тас, нуклеустер. Нуклевид формасындағы сынықтар мен опырындылар.
- 3) Ең көп кездесетіні жарықшақ өнімдерінен тұрады.

Құралдар жиынтығы макроқұралдарсыз – 75 дана.

Екі бөліктен тұрады: 1) опырылған жұмыр тастар, бір бөлшектен басқалары аса айқын емес, алғашқы соққылар тас үгінділеріне қарасақ, бір жақ шетінің тар бөлігінен түскен. Қырғыш тәрізді бұйымдар типіне келсек, олардың 3 данасындағы бұйымдардың шеті бір жағы өңделген, ал басқа үш жағдайда өңдеу ұзын шетімен жүргізілген, бір ретте 2/3- дей көлемді қамтиды; 2) ірі мөлшердегі құралдар; жүзіне қарама – қарсы ірі уатқыш тұрып, сынықты дайындауы дәрекі, шайқатылған. [2, 51 б]

2016жылы профессор Жәкен Таймағамбетов Шығыс Қазақстан өңірі аймағынан табылған палеолит дәуірінің еңбек құралдарына тікелей зерттеу жұмысын жүргізіп келе жатқанын хабарлады. Жәкен Қожахметұлы сұхбат беру барысында 40 мың жылдық тарихы бар пластинкалық құралды таныстырды. Бұл құралды ежелгі палеолит дәуірінде өмір сүрген ежелгі тайпа адамдары тұрмыстың әр саласында, соның ішінде аңшылықта көптеп пайдаланылған. [4]

Қазіргі таңда, Шығыс Қазақстан өңіріндегі зерттеу жұмыстары Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі мен Ресей академиялық ғылыми Сібірлік бөлімінің археология және этнография Институты басшылығымен жүргізіліп келеді. Шығыс Қазақстанның палеолиттік ескерткіштеріне сипаттама жасалуда. Сонымен қатар, болашақта Шығыс Қазақстан аумағында археологиялық қазба жұмыстарына көп назар аударылса, тас дәуірінің жаңа археологиялық тұрақтарын ашылатына сеніммен айта аламыз.

Келесі археологиялық қазба жұмыстары барысында Оңтүстік-Шығыс Қазақстан өңірімен Қытай шекарасының жақын маңынан табылған палеолиттік ескерткішке тоқталғым келеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі мен СО РАН археология және этнография Институты Қазақстан шекарасында 2 жылдай кең көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ғалымдар археологиялық қазба жұмыстары кезінде көп қабатты палеолит дәуірінің ескерткішін тауып, жоғарғы палеолиттен (б.з.б. 45-35 мың жылдық) плейстоцен дәуіріне (б.з.б. 10 мың жылдыққа) жатқызды. Бұл ескерткіш мыңдаған артефактілер мен әр кезеңнің қабаттарынан тұрады. ИАЭТ СО РАН қызметшісі Антон Анойкин: «Тұрақтың ауданы мыңдаған квадрат метрді құрайды»-деп айтты. Зерттеушілер палеолиттік ескерткіштің 7 геологиялық мәдени қабаты мен мыңға тарта тасты бұйымдарын тауып жинақтады.

Антон Анойкин: «Солтүстік және Шығыс Қазақстан өңірлерінде палеолит ескерткіштерін іздеу идеясы Анатолий Деревянкоға тән, сонымен қатар ескерткіш Жоңғар қақпасының жақын маңындағы, Жоңғар Алатауында орналасқан» - деп мәлімет берді.

Археологиялық қазба жұмысының жетекшілеріне палеолиттік ескерткішке нақты сипаттама беруге қиын. Болашақта бұл өңірде зерттеу жұмыстары даярлануда. [5]

2016жылы тамыз айында «Казахстанская правда» газетінде профессор Таймағамбетов ең маңызды оқиғалардың бірі Ұшбұлақ мәдени көп қабатты палеолиттік тұрақтың ашылуы деп хабарлады. Бұл тұрақ Зайсан ауданы, Шілікті аңғарынан табылды. Негізінен ескерткіштің мәдени қабаты сақталған. Сонымен қатар, белгілі археологтардың қазба жұмыстары барысында Ұшбұлақ тұрағын кейінгі палеолит дәуірі б.з.б. 45-35 мың жылдыққа жатқызады. Мұндай ескерткіштің мәдени қабатының сақталуы, Азия даласында өте сирек кездеседі. Ұшбұлақ тұрағы- бізге ежелгі адамдардың тас құралдар жасап, еңбек технологиясының дамытқандығын көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстан жерінің ежелгі адамдары Алтай мен Сібірдің алғашқы адамдарымен байланыста болғандығын, олардың еліміздің территориясынан Азия мен Еуропаға ежелгі миграцияланғандығын дәлелдейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шығыс Қазақстан облысы археологиялық ескерткіштерінің тізбесі. – Өскемен: Білім, 2006, 350 б.

2. Петрин В.Т., Таймағамбетов Ж.К. Жоғарғы Ертіс маңындағы палеолиттік Шульбинка тұрағының кешендері.- А.: Арыс, 2000, 300 б.
3. Ақышев К. А. Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – А.: Ғылым, 1987, 280 с.
4. Таймағамбетов Ж.К. /Тенгри ньюст, 15 октябрь, 2016.
5. Уникальный объект палеолита найден в Казахстане
<http://www.archaeology.nsc.ru/newsarcru/109>

ӘӘЖ 392.9

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОЛ ӨНЕРІ: ЖАҒЛАН

Шүлембаев Ержан Құндызбайұлы

er_jan_94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Археология және этнология мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - С.Ботбайбекова

Халқымызға ежелгі замандардан бері еңбек етумен қатар, уақыт ағымымен бірге өнерін де ұдайы дамытып отырды. Солардың бірі халқымыздың қол өнері. Қолөнер тарихи-этнографиялық, саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты әр заманда әртүрлі сатыда дамытып, түрленіп отырды. Халқымыздың мәдениеті мен өнерінің дамуына Алдыңғы және Орта Азия, Шығыс Европа скифтері мен Қиыр Шығыс, Сібір, Алтай халықтарының ықпалы зор болды. Ерте кезеңде-ақ көршілес жатқан мемлекеттер мен мәдени қарым-қатынас нығайып, саяхат, сауда жасау арқылы, әр мемлекет бір-бірінен өнердің озық үлгілерін үйреніп, жетілдіріп отырған.

Қандай халықтың қол өнері болмасын оның тарихымен, қоғамдық құрылысы, әдет-ғұрып, салт-санасымен астасып қатар өркендейді. Қол өнер адам баласының әсемдікке, нәзіктікке деген ұмтылысын, сол бағытта табиғатты өзінше таңбалап бедерленуін, сұлулықты іздеуге деген құштарлығын танытады. Ол арқылы біз үлкен рухани-эстетикалық тәлім алып, өнер әлеміне қатаң қағамыз.

Кіп-кішкентай түймеден бастап, толып жатқан үй жиһаздары, ат әбзелдері, қару-жарак, музыка аспаптары, кілем, киім-кешек, ыдыстар, әсемдік, сәндік бұйымдарының барлығы да халық қолөнерінің туындылары болып саналады.

Қолөнер бұйымдарын көркем эстетикалық талғаммен, нақышына келтіріп өрнектеп, әшекейлеп шығаратын адамдарды қолөнер шеберлері дейміз. Әр шебердің өзі сүйетін материалдары мен сол материалды ұсатып, әшекейлеп-өңдеуде маңгерген өз тәсілі болды.

Қазақ шеберлері көп қолданылатын материалдарға ағаш, метал, тері, былғары, қайыс, жүн, жіп, ши, қамыс, киіз, мата, тас, бояу, сүйек, мүйіз тағы басқалары жатады. Аталған материалдарды өңдеу, әшекейлеу және одан әртүрлі бұйымдар жасау үшін қолданылатын тәсілдері: қашау, ою, құю, шеку, нақыс салу, өрнектеу, бояу, ширату, кесу, тесу, илеу, сыру, шабу, т.с.с. болып кете береді.

Қазақ халқының материалдық мәдениетіне тоқталар болсақ өте бай. Кез келген халық этносы табиғи ортаны игере отырып, өзінің мәдениетін, басқаша айтсақ, этникалық болмыстың айғағы іспеттес дәстүрлі мәдениетті жасайды. Мұның өзі сайып келгенде, этнос жаңа орта қалыптастыру арқылы өзінің табиғатына сәйкес тіршіліктің тетігі – қоғамдық қатынастарды жасайды. Демек, дәстүрлі мәдениет - өзінің табиғи негізі болған ортаға мейлінше бейім үйлесімді механизм.